



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖІКТЕУІШІ**

---

**ЭКОНОМИКА СЕКТОРЛАРЫНЫҢ ЖІКТЕУІШІ  
КЛАССИФИКАТОР СЕКТОРОВ ЭКОНОМИКИ**

**ҚР ҰЖ 13-2019**

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің  
Техникалық реттеу және метрология комитеті  
(Мемстандарт)**



**Нұр-Сұлтан**





**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖІКТЕУІШІ**

---

**ЭКОНОМИКА СЕКТОРЛАРЫНЫҢ  
ЖІКТЕУІШІ**

**ҚР ҰЖ 13-2019**

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің  
Техникалық реттеу және метрология комитеті  
(Мемстандарт)**

**Нұр-Сұлтан**

**Алғысөз**

**1** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

**2** Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 465-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

**3** Осы жіктеуіш 2008 жылғы Ұлттық шоттар жүйесіне (бұдан әрі – ҰШЖ - 2008) сәйкес экономика секторларын жіктеу негізінде әзірленді

**4** Осы жіктеуіште «Стандарттау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 қазандағы № 183-VI ҚРЗ Заңының нормалары іске асырылған

**5 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ**

*Осы жіктеуішке өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын шығарылатын «Стандарттау жөніндегі құжаттар» ақпараттық каталогында, ал өзгерістер және түзетулердің мәтіні мерзімді басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемелерінде жарияланады. Осы жіктеуіш қайта қаралған (ауыстыру) немесе күші жойылған жағдайда тиісті хабарлама мерзімді басып шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық сілтемесінде жарияланады.*

Осы жіктеуіш Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Терминдер мен анықтамалар	1
3	Жалпы ережелер	4
4	Жіктеуіштің құрылымы	5
5	Жіктеуішке түсіндірме	9
	А қосымшасы	23
	Библиография	26



**ЭКОНОМИКА СЕКТОРЛАРЫНЫҢ ЖІКТЕУІШІ**

---

Енгізілген күні 2020-07-01

**1 Қолданылу саласы**

Осы жіктеуіш Қазақстан Республикасы экономикасының секторлары мен кіші секторлары бойынша олардың функционалдық мақсатына сәйкес институционалдық бірліктерді жіктеуді және кодтауды белгілейді.

**2 Терминдер мен анықтамалар**

Осы жіктеуіште тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер пайдаланылады:

**2.1 Әлеуметтік қамтамасыз ету қорлары:** Мемлекеттік басқарудың әрбір деңгейінде әрекет ететін, тәуелсіз институционалдық бірліктер. Олар бөлек құрылады және мемлекет бақылайды, бірақ қаржылық операцияларды жүзеге асыру бөлігінде дербес.

**2.2 Басқа әлем:** Резиденттік бірліктермен операцияларға қатысатын немесе осы елдің резиденттік бірліктерімен басқа экономикалық байланыстары бар резиденттік емес институционалдық бірліктер.

**2.3 Жалдамалы жұмыскер:** Қаржылық емес кәсіпорындар және қаржылық мекемелер, жалпымемлекеттік басқару мекемелері, КЕҰ және үй шаруашылықтарында жалданып жұмыс істемейтін, еңбек шарты бойынша жұмысты орындайтын не азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;

**2.4 Жұмыс беруші:** Қызметкер еңбек қатынастарында тұратын заңды немесе жеке тұлға.

**2.5 Зейнетақы қорлары:** Зейнетақы міндеттемелерін орындауға және зейнетақы төлемдерін бөлуге арналған үй шаруашылығы мүшелерінің активтерін сақтау және басқару үшін құрылған қорлар.

**2.6 Институционалдық бірлік:** Өз атынан активтерді иеленетін, міндеттемелерді қабылдайтын, экономикалық қызметке қатысатын және басқа бірліктермен операцияларға қатысатын экономикалық бірлік.

Ескертпе - әрбір институционалдық бірлік жалпы алғанда белгілі бір секторға жатқызылуы тиіс. Шоттардың толық тізбектілігі бір институционалдық бірлікке немесе бірліктер тобына құрылады.

**2.7 Коммерциялық емес ұйымдар (бұдан әрі – КЕҰ):** Кіріс түсіру негізгі мақсаты болып табылмайтын және қатысушылар арасында алынған таза кірісті бөлмейтін заңды тұлға коммерциялық емес ұйым деп танылады.

## **ҚР ҰЖ 13-2019**

Ескертпе - КЕҰ нарықтық немесе нарықтық емес бірліктер болып табылады. Корпорациялар қаржыландыратын және басқаратын КЕҰ корпорация секторына жатады (қаржылық емес немесе қаржылық). Нарықтық емес КЕҰ-ны мемлекеттік басқару органдары немесе үй шаруашылықтары қаржыландырады және бақылайды. Біріншілері мемлекеттік басқару секторына жатады, ал екіншілері экономиканың жеке секторын - үй шаруашылығына қызмет ететін коммерциялық емес ұйымдарды (бұдан әрі – ҮШҚКЕҰ) құрайды.

**2.8 Корпорациялар:** Иелері болып табылатын бірліктер үшін пайда алу және нарықта өткізу мақсатында тауарлар немесе қызметтер өндіру мақсатында құрылатын, институционалдық бірліктер.

**2.9 Кәптивтік қаржы мекемелері мен кредиторлар:** Бұл активтер немесе міндеттемелерінің басым бөлігі ашық қаржылық нарықтардағы операцияларға қатыспайтын, сақтандыру қызметінен бөлек қаржылық қызметтер көрсететін институционалдық бірліктер.

**2.10 Қаржылық емес корпорациялар:** Бұл негізгі қызмет түрі нарықтық тауарлар немесе қаржылық емес қызмет көрсетулерді өндіру болып табылатын институционалдық бірліктер.

**2.11 Қаржылық корпорациялар;** Бұл негізгі қызмет түрі басқа институционалдық бірліктерге қаржылық қызметтер, соның ішінде сақтандыру мен зейнетақы қорлары қызметтерін көрсету болып табылатын институционалдық бірліктер.

**2.12 Мемлекеттік басқару:** Өзінің саяси функциялары мен олардың экономиканы реттеудегі рөлін орындауға қосымша ретінде жалпы алғанда нарықтық емес негізде жеке немесе ұжымдық тұтыну үшін қызметтерді (тауарлар) өндіретін және табыс пен байлықты қайта бөлетін институционалдық бірліктердің жиынтығы.

**2.13 Мемлекеттік қаржылық емес немесе қаржылық корпорациялар:** Акцияларының (үлестерінің) 50 пайыздан астамының иесі орталық басқару органдары немесе жергілікті мемлекеттік басқару органдары болып табылатын, резидент болып табылатын және мемлекеттік басқару органдары бақылайтын қаржылық емес немесе қаржылық корпорациялар.

**2.14 Нарықтық емес өндірушілер:** Үй шаруашылықтарына немесе жалпы қоғамға тауарларды және қызмет көрсетулерді тегін немесе экономикалық тұрғыдан арзан бағамен ұсынатын мемлекеттік басқару органдарының немесе ҮШҚКЕҰ секторына кіретін институционалдық бірліктерді қамтиды.

Ескертпе - іс жүзінде экономиканың барлық секторларында нарықтық және нарықтық емес өндірушілерді ажырату үшін «50 пайыздық ереже» қағидаты қолданылады.

**2.15 Нарықтық өндірушілер:** Өз өнімінің көп бөлігін немесе бүкіл көлемін экономикалық тұрғыдан тиімді бағалармен сататын өндірушілер

болып табылады.

**2.16 Орталық банк:** Бұл қаржылық жүйенің басты аспектілерін бақылауды жүзеге асыратын, ұлттық қаржылық мекеме.

Ескертпе - орталық банктің негізгі қызметтеріне келесілер жатады: ұлттық валютаны шығару; ақша-кредит саясатын жүргізу, сондай-ақ ақша жиыны мен кредитті реттеу арқылы; халықаралық резервтерді басқару; Халықаралық валюта қорымен операциялар; басқа депозиттік корпорацияларға кредит беру; орталық мемлекеттік басқару депозиттерін сақтау арқылы және овердрафттар, аванстар, заңнамада қарастырылған басқа да операциялар түрінде кредит беру арқылы үкіметтің банкі қызметін атқару.

**2.17 Орталық банктерден басқа депозиттерді қабылдайтын корпорациялар:** Бұл қызметінің негізгі түрі ретінде қаржылық делдалдықты жүзеге асыратын корпорациялар. Осы мақсатпен олар депозиттер немесе депозиттердің жақын аналогы болып табылатын қаржылық құралдар (қысқамерзімді депозиттік сертификаттар сияқты) түріндегі міндеттемелерді қабылдайды.

Ескертпе - депозиттерді қабылдайтын корпорациялар сонымен қатар вексельдерді, бондтарды, басқа да борыштық құнды қағаздарды немесе қаржы құралдарын шығара алады.

**2.18 Пайда алуға бағдарланған ұйымдар (бұдан әрі - ПАҰ):** Өнімдерді нарықтық бағалар бойынша сататын өндірушілер.

**2.19 Резидент:** Экономикалық мүдделердің басымдылық орталығы осы елдің экономикалық аумағында орналасқан институционалдық бірлік, яғни ол осы аумақта экономикалық қызметпен ұзақ кезең бойы (жыл немесе көбірек) айналысады.

**2.20 Сақтандыру корпорациялары:** Негізгі функциясы жеке институционалдық бірліктер немесе бірліктер тобына өмірді сақтандыру, жазатайым оқиға, аурудан, өрттен сақтандыру немесе сақтандырудың басқа түрлері не басқа сақтандыру корпорацияларына қайта сақтандыру бойынша қызметтерді көрсету болып табылатын корпоративтік бірліктер, өзара қорлар және басқа бірліктерден тұрады.

**2.21 Ұлттық жеке қаржылық емес корпорациялар:** Бұл айқын сипаты мемлекеттік басқару органдары немесе институционалдық бірліктер-резидент емес тарапынан бақылауға жатпайтын болып табылатын, қаржылық емес корпорациялар-резиденттер.

Ескертпе - Бұл кіші секторға тауарлар және қызметтер көрсетумен айналысатын нарықтық КЕҰ кіреді, мысалы білім беру немесе денсаулық сақтау саласында ақылы негізде қызмет көрсететін нарықтық КЕҰ немесе кәсіпорындарға қызмет көрсететін сауда бірлестіктері.

**2.22 Үй шаруашылықтары:** Бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін

## **ҚР ҰЖ 13-2019**

толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан құралған экономикалық субъект.

**2.23 Үй шаруашылықтарының бірлестігі жоқ кәсіпорны:** Тауарлар және қызмет көрсетулерді өндірумен, оларды сату мақсатымен айналысатын, бірақ заңды тұлғалар болып табылмайтын үй шаруашылықтарының бірліктері.

**2.24 Үй шаруашылықтарына қызмет ететін коммерциялық емес ұйымдар (ҮШҚКЕҰ):** Бұл мемлекеттік басқару органдарымен бақыланбайтын нарықтық емес КЕҰ.

Ескертпе - Олар үй шаруашылықтарына тауарлар мен қызмет көрсетулерді ақысыз немесе экономикалық арзан бағалармен ұсынады. Бұл тауарлар мен қызметтердің басым бөлігі жеке тұтыну болып табылады, бірақ ҮШҚКЕҰ ұжымдық қызметтерді де көрсетеді.

**2.25 Шетел бақылауындағы қаржылық емес корпорациялар:** Бұл институционалдық резидент емес бірліктермен бақыланатын барлық қаржылық емес резидент-корпорациялар.

**2.26 Экономиканың институционалды секторы:** Экономикадағы функциялары мен қаржыландыру көздері жағынан біртектес, олардың ұқсас экономикалық мінез-құлқын анықтайтын институционалдық бірліктердің жиынтығы.

Ескертпе - әрбір сектор Қазақстан Республикасы экономикасының бір бөлігі болып табылады және оны басқа секторлардан ерекшелетін сипаттамалары бар. Секторлар ішкі секторларға бөлінеді, содан кейін одан әрі бөлінуімен біртектіліктің одан әрі дәрежесімен сипатталатын бөлшектерге (топтар, кіші топтар) бөлінеді.

## **3 Жалпы ережелер**

Аталған жіктеуіштің объектілері институционалдық бірліктер болып табылады.

Экономика секторларының жіктеуіші Қазақстан Республикасының ұлттық экономикасын құрайтын бес секторды көрсетеді. Жиынтығында жалпы экономиканы құрайтын резиденттік институционалдық бірліктер бір-бірін жоққа шығаратын бес институционалды секторға топтастырылады.

- а) қаржылық емес корпорациялар;
- б) қаржылық корпорациялар;
- в) мемлекеттік басқару;
- г) үй шаруашылықтары;
- д) ҮШҚКЕҰ.

Резидент бірліктермен операцияларға қатысатын немесе осы елдің резидент бірліктерімен басқа да экономикалық байланыстары бар барлық бейрезидент институционалдық бірліктер басқа әлем секторына жатады.

А қосымшасына сәйкес резидент институционалдық бірліктерді секторлар бойынша топтастыру олардың экономикалық мақсаттарына, функциялары мен мінез-құлқына сәйкес өлшемшарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

#### **4 Жіктеуіштің құрылымы**

4.1 Жіктеуіш екі блоктан тұрады:

- кодтау;
- жіктеу.

Жіктеу блогы экономика секторларының атауларынан тұрады.

Кодтау үшін бірінші және екінші, екінші және үшінші, үшінші және төртінші, төртінші және бесінші арасында нүктелері бар бес сандық ондық таңбалар қолданылады.

Жіктеуіш келесі белгіленулер берілген нақтылаудың бес деңгейінен тұрады:

X	Жалпы экономика
X.X	Сектор
X.X.X	Кіші сектор
X.X.X.X	Топ
X.X.X.X.X	Кіші топ

**Мысалы:**

- 1 – Жалпы экономика;
- 1.2 – Қаржылық корпорациялар;
- 1.2.2 – Орталық банктен басқа, депозиттер қабылдайтын, корпорациялар;
- 1.2.2.1 – Депозиттерді қабылдайтын, мемлекеттік корпорациялар;
- 1.2.2.1.1 – Депозиттерді қабылдайтын мемлекеттік корпорациялар– КЕҰ.
- 1.2.2.1.2 – Депозит қабылдайтын мемлекеттік корпорациялар – ПАҰ

Осы жіктеуіште резервтік кодтар қарастырылмаған, себебі жіктелім [1]-ге сәйкес жүзеге асырылды.

## 4.2 Жіктеуіштің құрылымы

Кодтау блогы	Жіктеу блогы
<b>1</b>	<b>Жалпы экономика</b>
<b>1.1</b>	<b>Қаржылық емес корпорациялар</b>
1.1.1	Мемлекеттік қаржылық емес корпорациялар
1.1.1.1	Мемлекеттік қаржылық емес корпорациялар – КЕҰ
1.1.1.2	Мемлекеттік қаржылық емес корпорациялар – ПАҰ
1.1.2	Ұлттық жеке қаржылық емес корпорациялар
1.1.2.1	Ұлттық жеке қаржылық емес корпорациялар – КЕҰ
1.1.2.2	Ұлттық жеке қаржылық емес корпорациялар – ПАҰ
1.1.3	Шетел бақылауындағы қаржылық емес корпорациялар
1.1.3.1	Шетел бақылауындағы қаржылық емес корпорациялар – КЕҰ
1.1.3.2	Шетел бақылауындағы қаржылық емес корпорациялар – ПАҰ
<b>1.2</b>	<b>Қаржылық корпорациялар</b>
1.2.1	Орталық банк
1.2.2	Депозиттерді қабылдайтын корпорациялар, орталық банктен басқа
1.2.2.1	Депозиттерді қабылдайтын мемлекеттік корпорациялар
1.2.2.1.1	Депозиттерді қабылдайтын мемлекеттік корпорациялар– КЕҰ
1.2.2.1.2	Депозиттерді қабылдайтын мемлекеттік корпорациялар– ПАҰ
1.2.2.2	Депозиттерді қабылдайтын ұлттық жеке корпорациялар
1.2.2.2.1	Депозиттерді қабылдайтын ұлттық жеке корпорациялар– КЕҰ
1.2.2.2.2	Депозиттерді қабылдайтын ұлттық жеке корпорациялар– ПАҰ
1.2.2.3	Шетел бақылауындағы депозиттерді қабылдайтын корпорациялар
1.2.2.3.1	Шетел бақылауындағы депозиттерді қабылдайтын корпорациялар– КЕҰ
1.2.2.3.2	Шетел бақылауындағы депозиттерді қабылдайтын корпорациялар– ПАҰ
1.2.3	Ақша нарығының қорлары
1.2.3.1	Ақша нарығының мемлекеттік қорлары
1.2.3.1.1	Ақша нарығының мемлекеттік қорлары– КЕҰ
1.2.3.1.2	Ақша нарығының мемлекеттік қорлары– ПАҰ
1.2.3.2	Ақша нарығының ұлттық жеке қорлары
1.2.3.2.1	Ақша нарығының ұлттық жеке қорлары– КЕҰ
1.2.3.2.2	Ақша нарығының ұлттық жеке қорлары– ПАҰ
1.2.3.3	Шетел бақылауындағы ақша нарығының қорлары
1.2.3.3.1	Шетел бақылауындағы ақша нарығының қорлары– КЕҰ
1.2.3.3.2	Шетел бақылауындағы ақша нарығының қорлары– ПАҰ
1.2.4	Ақшалай емес нарықтың инвестициялық қорлары

1.2.4.1	Ақшалай емес нарықтың мемлекеттік инвестициялық қорлары
1.2.4.1.1	Ақшалай емес нарықтың мемлекеттік инвестициялық қорлары – КЕҰ
1.2.4.1.2	Ақшалай емес нарықтың мемлекеттік инвестициялық қорлары – ПАҰ
1.2.4.2	Ақшалай емес нарықтың ұлттық жеке инвестициялық қорлары
1.2.4.2.1	Ақшалай емес нарықтың ұлттық жеке инвестициялық қорлары– КЕҰ
1.2.4.2.2	Ақшалай емес нарықтың ұлттық жеке инвестициялық қорлары– ПАҰ
1.2.4.3	Шетел бақылауындағы ақшалай емес нарықтың инвестициялық қорлары
1.2.4.3.1	Шетел бақылауындағы ақшалай емес нарықтың инвестициялық қорлары– КЕҰ
1.2.4.3.2	Шетел бақылауындағы ақшалай емес нарықтың инвестициялық қорлары– ПАҰ
1.2.5	Сақтандыру корпорациялары мен зейнетақы қорларынан басқа, басқа да қаржылық делдалдар
1.2.5.1	Басқа мемлекеттік қаржылық делдалдар
1.2.5.1.1	Басқа мемлекеттік қаржылық делдалдар – КЕҰ
1.2.5.1.2	Басқа мемлекеттік қаржылық делдалдар – ПАҰ
1.2.5.2	Басқа ұлттық жеке қаржылық делдалдар
1.2.5.2.1	Басқа ұлттық жеке қаржылық делдалдар – КЕҰ
1.2.5.2.2	Басқа ұлттық жеке қаржылық делдалдар – ПАҰ
1.2.5.3	Шетел бақылауындағы басқа қаржылық делдалдар
1.2.5.3.1	Шетел бақылауындағы басқа қаржылық делдалдар – КЕҰ
1.2.5.3.2	Шетел бақылауындағы басқа қаржылық делдалдар – ПАҰ
1.2.6	Қосалқы қаржылық корпорациялар
1.2.6.1	Мемлекеттік қосалқы қаржылық корпорациялар
1.2.6.1.1	Мемлекеттік қосалқы қаржылық корпорациялар– КЕҰ
1.2.6.1.2	Мемлекеттік қосалқы қаржылық корпорациялар– ПАҰ
1.2.6.2	Ұлттық жеке қосалқы қаржылық корпорациялар
1.2.6.2.1	Ұлттық жеке қосалқы қаржылық корпорациялар– КЕҰ
1.2.6.2.2	Ұлттық жеке қосалқы қаржылық корпорациялар– ПАҰ
1.2.6.3	Шетел бақылауындағы қосалқы қаржылық корпорациялар
1.2.6.3.1	Шетел бақылауындағы қосалқы қаржылық корпорациялар– КЕҰ
1.2.6.3.2	Шетел бақылауындағы қосалқы қаржылық корпорациялар– ПАҰ
1.2.7	Кэптивтік қаржылық мекемелер мен кредиторлар
1.2.7.1	Мемлекеттік кэптивтік қаржылық мекемелер
1.2.7.1.1	Мемлекеттік кэптивтік қаржылық мекемелер– КЕҰ
1.2.7.1.2	Мемлекеттік кэптивтік қаржылық мекемелер– ПАҰ
1.2.7.2	Ұлттық жеке кэптивтік қаржылық мекемелер

**ҚР ҰЖ 13-2019**

1.2.7.2.1	Ұлттық жеке кәсіптік қаржылық мекемелер– КЕҰ
1.2.7.2.2	Ұлттық жеке кәсіптік қаржылық мекемелер– ПАҰ
1.2.7.3	Шетел бақылауындағы кәсіптік қаржылық мекемелер
1.2.7.3.1	Шетел бақылауындағы кәсіптік қаржылық мекемелер– КЕҰ
1.2.7.3.2	Шетел бақылауындағы кәсіптік қаржылық мекемелер– ПАҰ
1.2.8	Сақтандыру корпорациялары
1.2.8.1	Мемлекеттік сақтандыру корпорациялары
1.2.8.1.1	Мемлекеттік сақтандыру корпорациялары– КЕҰ
1.2.8.1.2	Мемлекеттік сақтандыру корпорациялары– ПАҰ
1.2.8.2	Ұлттық жеке сақтандыру корпорациялары
1.2.8.2.1	Ұлттық жеке сақтандыру корпорациялары– КЕҰ
1.2.8.2.2	Ұлттық жеке сақтандыру корпорациялары– ПАҰ
1.2.8.3	Шетел бақылауындағы сақтандыру корпорациялары
1.2.8.3.1	Шетел бақылауындағы сақтандыру корпорациялары– КЕҰ
1.2.8.3.2	Шетел бақылауындағы сақтандыру корпорациялары– ПАҰ
1.2.9	Зейнетақы қорлары
1.2.9.1	Мемлекеттік зейнетақы қорлары
1.2.9.1.1	Мемлекеттік зейнетақы қорлары– КЕҰ
1.2.9.1.2	Мемлекеттік зейнетақы қорлары– ПАҰ
1.2.9.2	Ұлттық жеке зейнетақы қорлары
1.2.9.2.1	Ұлттық жеке зейнетақы қорлары– КЕҰ
1.2.9.2.2	Ұлттық жеке зейнетақы қорлары – ПАҰ
1.2.9.3	Шетел бақылауындағы зейнетақы қорлары
1.2.9.3.1	Шетел бақылауындағы зейнетақы қорлары– КЕҰ
1.2.9.3.2	Шетел бақылауындағы зейнетақы қорлары– ПАҰ
<b>1.3</b>	<b>Мемлекеттік басқару</b>
1.3.1	Орталық басқару органдары
1.3.1.1	Орталық басқару органдары, әлеуметтік қамтамасыз ету қорларынан басқа
1.3.1.2	Орталық басқару органдарының КЕҰ
1.3.2	Жергілікті мемлекеттік басқару органдары
1.3.2.1	Жергілікті мемлекеттік басқару органдары, әлеуметтік қамтамасыз ету қорларынан басқа
1.3.2.2	Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының КЕҰ
1.3.3	Әлеуметтік қамтамасыз ету қорлары
1.3.3.1	Орталық басқару органдарының әлеуметтік қамтамасыз ету қорлары
1.3.3.2	Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының әлеуметтік қамтамасыз ету қорлары
<b>1.4</b>	<b>Үй шаруашылықтары</b>
1.4.1	Жұмыс берушілер
1.4.2	Өз бетінше жұмыспен қамтылған тұлғалар
1.4.3	Жалдамалы жұмыскерлер

1.4.4	Меншіктен және трансферттерден түскен табыстардың алушылары
1.4.4.1	Меншіктен түскен табысты алушылар
1.4.4.2	Зейнетақы алушылар
1.4.4.9	Басқа трансферттік табыстарды алушылар
<b>1.5</b>	<b>Үй шаруашылықтарына қызмет ететін коммерциялық емес ұйымдар</b>
1.5.1	Ұлттық жеке
1.5.2	Шетел бақылауындағы
<b>2</b>	<b>Басқа әлем</b>

## 5 Жіктеуішке түсіндірме

### 1-код Жалпы экономика

#### 1.1-код Қаржылық емес корпорациялар

«Қаржылық емес корпорациялар» секторының ішкі секторлары қосымша КЕҰ және коммерциялық ұйымдарға нақтыланған.

Бақылау өлшемшарттарын ескерумен ішкі секторлар былайша бөлінеді:

#### 1.1.1-код «Мемлекеттік қаржылық емес корпорациялар»

Бұл ішкі секторға тауарлар мен қаржылық емес қызметтердің нарықтық өндірушілері болып табылатын және орталық және жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен бақыланатын келесі институционалдық бірліктер жатады:

шаруашылық серіктестіктер, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер;

республикалық және коммуналды кәсіпорындар;

мемлекеттің бақылауындағы КЕҰ;

Ішкі сектор келесі топтарға бөлінеді:

1.1.1.1-код Мемлекеттік қаржылық емес корпорациялар – КЕҰ

1.1.1.2-код Мемлекеттік қаржылық емес корпорациялар – ПАҰ

#### 1.1.2-код «Ұлттық жеке қаржылық емес корпорациялар»

Бұл ішкі секторға тауарлар мен қаржылық емес қызметтердің нарықтық өндірушілері болып табылатын келесі институционалдық бірліктер жатады:

шаруашылық серіктестіктер, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер, мемлекеттің немесе шетелдік бақылаудан басқа акционерлік қоғамдар;

өндірістік кооперативтер;

шаруа (фермерлік) қожалықтары;

мемлекеттің немесе шетелдің бақылауындағы емес басқа да КЕҰ;

Ішкі сектор келесі топтарға бөлінеді:

1.1.2.1-код Ұлттық жеке қаржылық емес корпорациялар – КЕҰ

## **ҚР ҰЖ 13-2019**

1.1.2.2-код Ұлттық жеке қаржылық емес корпорациялар – ПАҰ

### **1.1.3-код «Шетел бақылауындағы қаржылық емес корпорациялар»**

Аталған ішкі секторға қаржылық емес қызметтер мен тауарларды нарықтық өндірушілер болып табылатын келесі институционалдық бірліктер кіреді:

шаруашылық серіктестіктер, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, шетелдік бақылаудағы акционерлік қоғамдар;

шетелдік бақылаудағы КЕҰ;

Ішкі секторлар топтарға бөлінеді:

1.1.3.1-код Шетел бақылауындағы қаржылық емес корпорациялар – КЕҰ

1.1.3.2-код Шетел бақылауындағы қаржылық емес корпорациялар – ПАҰ

## **1.2-код Қаржылық корпорациялар**

Нарықтағы қызметінің және өзінің міндеттемелерінің өтімділігі өлшемшарттары есебінен ішкі секторларға бөлінеді:

### **1.2.1-код Орталық банк**

Аталған ішкі секторға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жатады.

### **1.2.2-код Депозиттерді қабылдайтын корпорациялар, орталық банктен басқа**

Аталған ішкі секторға кіреді:

екінші деңгейдегі банктер;

басқа депозиттік корпорациялар, мысалы:

жинақ банктері, пошта банктері, құрылыс қоғамдары және ипотекалық банктер;

несиелік одақтар мен несиелік кооперативтер;

ауыл және ауылшаруашылық банктері;

негізінен қаржылық қызметпен айналысатын жол жүру чектерінің компаниялары;

электрондық ақша эмитенттері - электрондық ақша эмитентінің ақшалай міндеттемелері болып табылатын, электрондық түрде сақталатын және жүйенің басқа қатысушылары электрондық ақша жүйесінде төлем құралы ретінде қабылдайтын электрондық ақша шығаруға уәкілетті ұйымдар (егер құралдар белгілі бір қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған болса және оларды шектеулі түрде ғана пайдаланса алдын-ала төленген құралдарда сақталған ақша құны электрондық ақша болып табылмайды);

оффшорлық банктер, егер олар өздері орналасқан экономика

резиденттерімен операциялар жасаса және депозиттер түрінде міндеттемелер қабылдаса;

ресми банкроттыққа немесе қайта ұйымдастыруға дейін тарату барысындағы банктер, олар қаржылық активтер мен міндеттемелерге ие болғанаға дейін.

Ішкі сектор бақылау өлшемшарттары есебінен келесі топтарға бөлінеді:

1.2.2.1-код «Депозиттерді қабылдайтын мемлекеттік корпорациялар» – мемлекеттік бақылауда тұрған институционалдық бірліктер;

1.2.2.1.1-код Депозиттерді қабылдайтын мемлекеттік корпорациялар –  
КЕҰ

1.2.2.1.2-код Депозиттерді қабылдайтын мемлекеттік корпорациялар –  
ПАҰ

1.2.2.2-код «Депозиттерді қабылдайтын ұлттық жеке корпорациялар» – мемлекеттік бақылауда немесе шетелдік бақылауда тұрғандардан басқа институционалдық бірліктер;

1.2.2.2.1-код Депозиттерді қабылдайтын ұлттық жеке корпорациялар –  
КЕҰ

1.2.2.2.2-код Депозиттерді қабылдайтын ұлттық жеке корпорациялар –  
ПАҰ

1.2.2.3-код «Депозиттерді қабылдайтын шетел бақылауындағы корпорациялар» – шетелдік бақылауда тұрған институционалдық бірліктер.

1.2.2.3.1-код Шетел бақылауындағы депозиттерді қабылдайтын корпорациялар – КЕҰ

1.2.2.3.2-код Шетел бақылауындағы депозиттерді қабылдайтын корпорациялар – ПАҰ

### **1.2.3-код Ақша нарығының қорлары**

Аталған ішкі секторға халыққа акция немесе пай сату жолымен қаражатты шоғырландыратын және осы қаражатты тек немесе көбінесе ақша нарығының қысқа мерзімді қарыз беру құралдарына, соның ішінде депозиттер, бағалы қағаздарға инвестициялайтын ұжымдық инвестициялық бағдарламалары инвестициялық ақша нарығының қорлары жатады. Инвестициялық қор ақша нарығының қоры ретінде танылуы үшін: 1) капиталдың белгілі бір дәрежесі (номиналды құнын ұстап тұру мүмкіндігі); 2) үшінші тұлғаларға чектер немесе басқа төлем әдістерін қолдана отырып, дереу немесе қысқа мерзімде ақша алу мүмкіндігі. Егер бұл шарттар орындалмаса, онда институционалдық бірліктер ақшалай емес нарықтың инвестициялық қорлары ретінде жіктеледі.

Ішкі сектор бақылау өлшемшарттары есебінен келесі топтарға бөлінеді:

1.2.3.1-код «Ақша нарығының мемлекеттік қорлары» – мемлекеттік бақылауда тұрған институционалдық бірліктер;

1.2.3.1.1-код Ақша нарығының мемлекеттік қорлары – КЕҰ

1.2.3.1.2-код Ақша нарығының мемлекеттік қорлары – ПАҰ

## **ҚР ҰЖ 13-2019**

1.2.3.2-код «Ақша нарығының ұлттық жеке қорлары» – мемлекеттік бақылауда немесе шетелдік бақылауда тұрғандардан басқа институционалды бірліктер;

1.2.3.2.1-код Ақша нарығының ұлттық жеке қорлары – КЕҰ

1.2.3.2.2-код Ақша нарығының ұлттық жеке қорлары – ПАҰ

1.2.3.3-код «Шетел бақылауындағы ақша нарығының қорлары» – шетелдік бақылауда тұрған институционалдық бірліктер.

1.2.3.3.1-код Шетел бақылауындағы ақша нарығының қорлары – КЕҰ

1.2.3.3.2-код Шетел бақылауындағы ақша нарығының қорлары – ПАҰ

### **1.2.4-код Ақшалай емес нарықтың инвестициялық қорлары**

Бұл кіші секторға акцияларды немесе пайларды шығару арқылы халықтың қаражатын тартатын ұжымдық инвестициялық бағдарламалар болып табылатын ақшасыз нарықтың инвестициялық қорлары кіреді. Түскен қаражат негізінен ұзақ мерзімді қаржылық активтерге, сондай-ақ қаржылық емес активтерге (әдетте жылжымайтын мүлік) инвестицияланады. Акциялар немесе пайлар, әдетте, депозиттерді алмастырушы болып табылмайды және оларды чек немесе үшінші тараптың пайдасына төлеу негізінде беруге болмайды, олардың бағасы нарықтық жағдайға сәйкес өзгеруі мүмкін, сондықтан олар номиналды құнды сенімді сақтаушы емес. Келесі түрлерге ажыратылады:

ашық және жабық инвестициялық қорлар;

акцияларға негізделген инвестициялық қорлар;

бағалы қағаздарға негізделген инвестициялық қорлар;

индекстеу қорлары;

қамтамасыз етілген инвестициялық қорлар;

жылжымайтын мүлікке арналған инвестициялық қорлар;

биржалық инвестициялық қорлар;

қаражат қоры (басқа инвестициялық қорлардың акциялары портфелінің иелері);

сенімгерлік жылжымайтын мүлік инвестициялық қорлары;

хедж қорлар, тікелей инвестициялар қорлары және басқалар (инвестициялық қор қаражатын басқарушы компаниялар көмекші қаржы корпорациялары болып табылады).

Ішкі сектор бақылау шарттары есебінен келесі топтарға бөлінеді:

1.2.4.1-код «Ақшалай емес нарықтың мемлекеттік инвестициялық қорлары» – мемлекеттік бақылауда тұрған институционалдық бірліктер;

1.2.4.1.1-код Ақшалай емес нарықтың мемлекеттік инвестициялық қорлары – КЕҰ

1.2.4.1.2-код Ақшалай емес нарықтың мемлекеттік инвестициялық қорлары – ПАҰ

1.2.4.2-код «Ақшалай емес нарықтың ұлттық жеке инвестициялық қорлары» – мемлекеттік бақылауда немесе шетелдік бақылауда тұрмаған

институционалды бірліктер;

1.2.4.2.1-код Ақшалай емес нарықтың ұлттық жеке инвестициялық қорлары – КЕҰ

1.2.4.2.2-код Ақшалай емес нарықтың ұлттық жеке инвестициялық қорлары – ПАҰ

1.2.4.3-код «Шетел бақылауындағы ақшалай емес нарықтың инвестициялық қорлары» – шетелдік бақылауда тұрған институционалдық бірліктер.

1.2.4.3.1-код Шетел бақылауындағы ақшалай емес нарықтың инвестициялық қорлары – КЕҰ

1.2.4.3.2-код Шетел бақылауындағы ақшалай емес нарықтың инвестициялық қорлары – ПАҰ

### **1.2.5-код Сақтандыру корпорациялары мен зейнетақы қорларынан басқа, басқа да қаржылық делдалдар**

Аталған ішкі секторға нарықта қаржылық операцияларға қатыса отырып, қаржылық активтерді сатып алу мақсатында ақшадан басқа, депозиттер немесе депозиттерді алмастырушылар (немесе ауқымды ақша жиынына кірмейтін ұзақ мерзімді немесе мамандандырылған депозиттер түріндегі міндеттемелері барлар) нысанында міндеттемелерді қабылдау жолымен өз атынан қаржылық қызметтерді ұсынатын институционалдық бірліктер жатады. Аталған ішкі сектор келесілерді қамтиды:

негізгі қызмет ретінде өз атынан несиелеудің әртүрлі түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар (қарыздар, ипотека, тұтынушылық несиелер, несиелік карталар, шағын бизнеске арналған несиелер, экономикалық дамуға арналған несиелер және басқалары), негізінен қаржылық емес ұйымдарға және үй шаруашылығына несие беру;

негізгі қызмет ретінде қаржылық лизингпен айналысатын ұйымдар; өз қаражаты есебінен жұмыс істейтін негізгі қызмет ретінде бағалы қағаздармен және туынды қаржы активтерімен мәмілелер жасайтын дилерлер;

активтерді секьюритизациялауды жүзеге асыратын ұйымдар (нақты активтермен немесе кірістер ағынымен қамтамасыз етілген бағалы қағаздарды сату арқылы қаражат тарту);

негізгі қызмет ретінде клирингтік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар; инвестициялық банктер;

экспортты-импортты қаржыландырумен айналысатын, халықаралық саудаға байланысты қаржылық және құжаттамалық қызметтердің кең спектрін ұсынатын мамандандырылған қаржылық делдалдар;

венчурлық ұйымдары;

даму үшін капиталды ұсынатын мамандандырылған ұйымдар;

негізгі қызмет ретінде факторингтік операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар, сондай-ақ өз есебінен своптар, опциондар және ұқсас операциялар

## **ҚР ҰЖ 13-2019**

жасау;

құнсызданған активтерді сатып алу, басқару және жою арқылы жұмыс істемейтін қарыздар немесе басқа да құнсызданған активтер проблемаларын шешу үшін құрылған банктерді қайта құрылымдау активтерді басқару компаниялары мен агенттіктер, егер 1) кәсіпорын еншілес компаниялар тобын басқаратын және бақылайтын холдингтік компания болса; 2) нарықтан өзінің тәуекелі бойынша өзі белсенді басқаратын қаржылық немесе қаржылық емес активтерді сатып алу үшін қарыз алса.

Егер активтерді басқару бойынша компаниялар басқа депозиттік ұйымдардың еншілес ұйымдары болса және олардың бас компаниясымен бір елде орналасқан болса, онда олардың баланстары, егер олар тәуелсіз институционалдық бірлік болмаса, бас депозиттік ұйымдардың баланстарымен біріктірілуі керек.

Банктерді қайта құрылымдау агенттіктерінің көпшілігін үкімет мемлекеттік мекемелер ретінде және егер келесі өлшемшарттар орындалса құрылады, мысалы: 1) қызмет көрсету, ең алдымен, тек үкімет; 2) қаржы активтерін нарықтан өзгеше бағамен сату немесе сатып алу; 3) төмен тәуекелді қабылдау, себебі мемлекеттің мықты қаржылық қолдауы болғандықтан және заң бойынша және іс жүзінде мемлекет атынан әрекет ететіндіктен, мұндай ұйымдар мемлекеттік басқару секторына кіруі керек. Егер мемлекет бақылайтын кәсіпорын қаржылық ұйым ретінде әрекет етсе, онда оның операциясының сипатына сәйкес ол, әдетте, басқа қаржы делдалдарының секторында жіктеледі.

Бақылау өлшемшарттарын ескере отырып, кіші сектор келесі топтарға бөлінеді:

1.2.5.1-код «Басқа мемлекеттік қаржылық делдалдар» – мемлекеттің бақылауындағы институционалдық бірліктер;

1.2.5.1.1-код Басқа мемлекеттік қаржылық делдалдар – КЕҰ

1.2.5.1.2-код Басқа мемлекеттік қаржылық делдалдар – ПАҰ

1.2.5.2-код «Басқа ұлттық жеке қаржылық делдалдар» – мемлекеттің бақылауындағы немесе шетелдік бақылаудағыдан басқа институционалдық бірліктер;

1.2.5.2.1-код Басқа ұлттық жеке қаржылық делдалдар – КЕҰ

1.2.5.2.2-код Басқа ұлттық жеке қаржылық делдалдар – ПАҰ

1.2.5.3-код «Шетел бақылауындағы басқа қаржылық делдалдар» – шетелдік бақылаудағы институционалдық бірліктер.

1.2.5.3.1-код Шетел бақылауындағы басқа қаржылық делдалдар – КЕҰ

1.2.5.3.2-код Шетел бақылауындағы басқа қаржылық делдалдар – ПАҰ

### **1.2.6-код Қосалқы қаржылық корпорациялар**

Осы кіші секторға қаржылық активтермен және міндеттемелермен операциялармен немесе операцияның объектісі болып табылатын активтер мен міндеттемелердің жеке меншікке өтуі болжанбайтын операциялары

өткізудің нормативтік-құқықтық шарттарын құрумен байланысты қызметті жүзеге асыратын институционалдық бірліктер жатады. Бұл кіші секторға келесілер қосылған:

негізгі қызмет ретінде бағалы қағаздармен мәмілелер жасайтын брокерлер;

негізгі қызмет ретінде тауарлармен мәмілелер жасайтын брокерлер;

бағалы қағаздарды сенімгерлік басқарушылар;

депозитарийлер;

бағалы қағаздар саудасын ұйымдастырушылар;

қор, сақтандыру, валюта биржалары және туынды қаржы құралдарының биржалары;

тауар биржаларын қоса алғанда, қаржы нарығының өзге де ұйымдастырушылары;

негізгі қызмет ретінде салымдарға кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымдар;

негізгі қызмет ретінде шарт негізінде ұйымның қорларын, пассивтерін немесе активтерін басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар (бірақ олар басқаратын қорлар емес);

айырбастарды, опциондар және фьючерстер сияқты туынды қаржы құралдарымен және хеджирлеу құралдарымен айналысатын ұйымдар (шығарылымсыз);

негізгі қызмет ретінде ипотекалық (кепілпұл) операциялар бойынша брокерлерді қоса алғанда, қаржылық қызметтер (сақтандырудан және зейнетақымен қамтамасыз етуден басқа) саласында қосалқы қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдар, вексельдерді есепке алуды (форфейтинг), қаржылық қызметтер және инвестициялау мәселелері бойынша консультация беруді жүзеге асыратын ұйымдар;

валюта айырбастау пункттері және қаржы аударымдарын ұйымдастырушылар;

депозиттерді қабылдамайтын және өз қаражаты есебінен несие бермейтін шетелдік банктердің резидент өкілдіктері;

бас кеңселері болып табылатын холдингтік компаниялар, олардың көпшілігі қаржылық болған кезде еншілес кәсіпорындарға қатысты кейбір аспектілері бойынша басқарушылық бақылауды жүзеге асырады;

жеке бірлік болған жағдайда қаржы делдалдары мен қаржы нарықтарының орталық бақылау органдары;

өздері қаржылық қызмет көрсетпейтін қаржы корпорацияларына қызмет көрсететін тәуелсіз заңды тұлға ретінде танылған КЕҰ, мысалы банкирлер қауымдастығы;

негізгі қызметі электрондық төлем тетіктерін ұсынатын, бірақ тиісті құралдар үшін жауап бермейтін ұйымдар;

банктерге төлем платформасын ұсынатын үшінші тараптардың төлем жүйелері, мысалы, онлайн-төлем корпорациясы, алдын-ала төленген

## **ҚР ҰЖ 13-2019**

карточкалық корпорация;

Қарыз алушылар үшін несиелер берушіні таңдау арқылы және жеке тұлғаларға аз мөлшерде онлайн режимінде несиелер беретін немесе қайта қаржыландыратын ұйымдарды, берілген несиелер үшін жауапкершілікке немесе тәуекелдерге жауап бермейтін ұйымдар;

сақтандыру тәуекелдерін және залал мөлшерін бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдар;

сақтандыру брокерлері;

сақтандыру агенттері;

сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру мәселелері бойынша консультация беруді қоса алғанда, сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қосалқы қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдар.

Бақылау өлшемшарттарын ескере отырып, кіші сектор топтарға бөлінеді:

1.2.6.1-код «Мемлекеттік қосалқы қаржы корпорациялар» – мемлекеттің бақылауындағы институционалдық бірліктер;

1.2.6.1.1-код Мемлекеттік қосалқы қаржылық корпорациялары – КЕҰ

1.2.6.1.2-код Мемлекеттік қосалқы қаржылық корпорациялар – ПАҰ

1.2.6.2-код «Ұлттық жеке қосалқы қаржылық корпорациялар» – мемлекеттің бақылауындағы немесе шетелдік бақылаудағы дерден басқа институционалдық бірліктер;

1.2.6.2.1-код Ұлттық жеке қосалқы қаржылық корпорациялар – КЕҰ

1.2.6.2.2-код Ұлттық жеке қосалқы қаржылық корпорациялар – ПАҰ

1.2.6.3-код «Шетел бақылауындағы қосалқы қаржылық корпорациялар» – шетелдік бақылаудағы институционалдық бірліктер.

1.2.6.3.1-код Шетел бақылауындағы қосалқы қаржылық корпорациялар – КЕҰ

1.2.6.3.2-код Шетел бақылауындағы қосалқы қаржылық корпорациялар – ПАҰ

### **1.2.7-код Кэптивтік қаржылық мекемелер мен кредиторлар**

Осы кіші секторға операцияларды тек шектеулі бірлік тобы (еншілес қаржы корпорациялары сияқты) шеңберінде ғана жүзеге асыратын институционалдық бірліктер немесе бір холдинг корпорациясына тиесілі еншілес корпорациялар немесе тек бір демеуші берген меншікті қаражаттан несиелер беретін бірліктер жатады. Бұл, оның ішінде, бас компанияларға кредит беру немесе бас компаниялардың дебиторлық берешегін сатып алу үшін қаражат тарта отырып, өзінің бас корпорациялары үшін қаржы агенттері болып табылатын еншілес компаниялар. Кэптивтік қаржы мекемелерді депозиттік корпорациялар оларды мамандандырылған қызметке тарту үшін немесе реттеуші мақсаттар үшін басқарады. Еншілес корпорациялар тобының активтерін өзінің негізгі қызметі ретінде иеленетін және

акцияларды ұстаушы кәсіпорындарға ешқандай басқа қызметтер көрсетпейтін холдингтік компаниялар да осы кіші секторға енгізіледі. Өз иелеріне қызмет көрсететін кәптивті сақтандыру компаниялары мен зейнетақы қорлары осы кіші секторға кірмейді, ал тиісінше сақтандыру корпорациялары мен зейнетақы қорлары ретінде жіктеледі. Осы кіші секторға:

ломбардтар, кредиторлар, коллекторлық ұйымдар, демеушілердің қаражаты есебінен, мысалы, мемлекеттік органдарының немесе КЕҰ несиелеуді жүзеге асыратын (студенттік қарыз, ауыл шаруашылығы несиелері, микрокредиттер, экспорттық несиелер және т.б.) институционалдық бірліктер;

трастар, мүліктік қорлар және жалған компаниялар;

еншілес ұйымдар тобы активтерінің (акционерлік капиталдың бақылау пакетінің) иелері болып табылатын, негізгі қызметі еншілес ұйымдар тобының иелік етуі болып табылатын, оларға қандай да бір басқа қызметтер көрсетпей еншілес ұйымдар тобының иелік етуі болып табылатын холдинг компаниялары;

жекелеген институционалдық бірліктер ретінде жіктелетін және қаржылық нарықта делдал рөлін атқаратын және қаржылық тәуекелділікке ие шоттардың толық жиынтығы бар, бас компанияның пайдалану үшін ашық нарықта қаражат жинайтын арнайы мақсаттағы кәсіпорындар (әйтпесе мұндай кәсіпорындардың шоттары бас компанияның шоттарымен біріктіріледі). Мемлекеттік басқару секторының құрамына кіретін және осы секторға нарықтық негізде қызмет көрсетпейтін, мемлекеттік активтердің пассивті иесі рөлін атқаратын ұлттық әл-ауқаттың мемлекеттік қорлары тиісті мемлекеттік басқару секторына енгізілген.

Бақылау өлшемшарттарын ескере отырып, кіші сектор топтарға бөлінеді:

1.2.7.1-код «Мемлекеттік кәптивтік қаржылық мекемелер» – мемлекеттің бақылауындағы институционалдық бірліктер;

1.2.7.1.1-код Мемлекеттік кәптивтік қаржылық мекемелер – КЕҰ

1.2.7.1.2-код Мемлекеттік кәптивтік қаржылық мекемелер – ПАҰ

1.2.7.2-код «Ұлттық жеке кәптивтік қаржылық мекемелер» – мемлекеттің бақылауындағы немесе шетелдік бақылаудағы дерден басқа институционалдық бірліктер;

1.2.7.2.1-код Ұлттық жеке кәптивтік қаржылық мекемелер – КЕҰ

1.2.7.2.2-код Ұлттық жеке кәптивтік қаржылық мекемелер – ПАҰ

1.2.7.3-код «Шетел бақылауындағы кәптивтік қаржылық мекемелер» – шетелдік бақылаудағы институционалдық бірліктер.

1.2.7.3.1-код Шетел бақылауындағы кәптивтік қаржылық мекемелер – КЕҰ

1.2.7.3.2-код Шетел бақылауындағы кәптивтік қаржылық мекемелер – ПАҰ

## **ҚР ҰЖ 13-2019**

### **1.2.8-код Сақтандыру корпорациялары**

Ішкі сектор бақылау өлшемшарттарының есебімен топтарға бөлінеді:

